

*Жүсіпбек
Аймауытұлы
“Ақбілек”*



- Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында кездесетін мақал-мәтелдер:
- «Басқа түссе баспақшы»¹ (102-бет) – Көрер ауырлыққа, бейнеытке көну, көндігу мағынасында айтылған.
- «Жақсы лепес – жаным ырыс » (105-бетте) – Жағымды сөз жанға демеу дегенді білдіреді.
- «Қорыққанға қос көрінер» (107-бетте) - Үрейленген жанға неше түрлі бәлекеттер елестер дегенді білдіреді.
- «Өлмегенге – өлі киік» (108- бетте) – Себептен себеп болды; «жарылқайын» десе қиыннан қисынан келтіреді екен деген мағынады.
- «Жаман иттің атын бөрібасар қояды» (123-бет) – аты өзінен зор дегенді білдіреді.
- «Құлақ естігенді көз көреді» (130-бет) – бұрын естіген нәрсені өздері көздерімен көрді деген мағынада айтылады.



- «Зәрдің басын зәр алады» (130-бет) - улы нәрсеге дәл сондай улы зат ем болады
- «Есептескен дос болмайды» (172-бет) – бергені мен алғанын, жасағанын есептеп отырған жан дос бола алмайды, дос болу үшін есептестеу керек – деген мағынады.
- «Құда мың жылдық» (172-бет) – құда болғандар өмір бойы сыйласып өтеді – деген мағынада берілген.
- «Құдай бергенде, құлай береді» (217-бет) – Жасаған ие жарылқаған, тәңір берген – деген мағынады.
- «Ит ашуын тырнадан алады» (227-бет) - ашуланған адамына шамасы келмегеннен кейін ашуын басқадан алды деген мағынада берілген.
- «Қонақ аз отырып, көп сынайды» (227-бет) - келген адам аз отырса да, көп сынап кетеді – деген мағынаны білдіреді.
- «Сабыр түбі – сары алтын» (229-бет) – Шыдам-тағат арты жақсылық, шыдамның аяғы игілік – дегенді білдіреді.
- «Жығылғанға жұдырық»² (230-бет) - Сорға сор қосылып, бұрынғынының үстіне жаңа бәле жабысты деген мағынада айтылған.




- «Асқанға тосқан» - (165-бет) – бұл жерде байлығымен, билігімен көкірегін көтергендерге де зауал келді – дегенді білдіреді.
- «Екінің бірі – егіздің сыңары» - (165-бет) – кез келген адам, жұрттың бәрі деген мағынада берілген.
- «Ел құлағы – елу» - (173-бет) – ел тосын хабарға құлақ түрді; елең ете қалды – дегенді білдіреді.
- «Ажалы жеткен қарға қаршығамен ойнайды» - (205-бет) - ажалы жеткен күні өзінен зормен де ойнайды – деген мағынада берілген.



- Мата түрлері, киім түрлері Ақбілектің тұрмысын бейнелейді, сонымен қатар, әйелдердің қылықтары арқылы мінез-құлықтарының бір қырын (көрсеқызарлық, қызғаныш) мысқылдайды.
- *Белбеуімдегі жарзақ дабағайым, шашақты сары қынды мүйіз сапты өткір кездігім алдыңғы қалтамдағы дабыл байлайтын ұзын қайыс шеттігім – менің өнерсіз жігіт еместігіме айзақ болар (Ж.А., 151).*
- Шеттік– ердің алдыңғы жақтарындағы қайыс баулық [14, 731].
- Кейіпкердің сал-сері екендігін, қарапайым халықтан ерекшеленіп тұратындығын айқындайды.

Фразеологизмдер арқылы кейіпкердің жан күйзелісін ашу-ызасын, қорқыныш сезімдерін, қуанышын суреттеген.

- .
- Қара мұрт пен жирен орыстың арасындағы керіс келіспеушілікті баяндай келе: *«Жирен орыс манағыдай емес, Ақбілекке өліп-өшкенін қойып, бетінен түгі шығып, әкесі өлгендей, бас терісі аузына түсіп кетіпті»* (Ж.А.,161).
- *«Ұрқия келсе, бас терісі аузына түсіп, кірпідей жиырылады»* (Ж.А.,295).
- *«Бетінен түгі шығу», «әкесі өлгендей, бас терісі аузына түсу»* сияқты тұрақты тіркестер түйдектеле қолданылып, кейіпкердің ішкі жан дүниесін жайып салады.

- 
- *«Ыстық қой, шіркін, туған жер! Туған жерге жеткенше, қайтіп дәтің шыдайды? Кім сағынбас өз қағын? Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз ... Туғалы ұзап шықпаған, бауырмал әжесінің бауырында еркелеп өскен, үлбіреген балапан жүректі Қартқожа қайтіп сүймесін? Қартқожа туған жерін жанындай сүйеді. Туған жер еске түскенде іші-бауыры елжіреп, өртенгендей күйеді. Еліне жетуге ұшарға қанаты болмайды.*

- Туған жер деген тарау риторикалық сұраулы сөйлемдермен басталып, туған жердің қадірін, туған жердің ыстықтығын, қымбаттығын айта келіп, Қартқожаның туған жерге деген сүйіспеншілігін «іші-бауыры елжіреу, өртену», «ұшарға қанаты болмау» фразеологизмдері арқылы тереңдете түседі. Бұл жерде тағы айта кетерлік жайт: «Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз ...» деген жолдарды **авторлық, афоризмдер** деп айтуымызға болады.

- Қазақ тіліндегі уақыт – мезгіл өлшеулерін білдіретін, мөлшерді білдіретін тұрақты тіркестер жазушы шығармаларында ұтымды жұмсалған.
- *Бір күні қас қарайған кезде орыстар бір жаққа баратындай ... (Ж.А.,176).*
- *Сүт пісіріп болған соң, тезек иісі жұпар иісіндей Ақбілектің мұрнын жарған кезде ... (Ж. А.,192).*
- *Бір күні анақ-сапақта Ұрқия келді (Ж.А.,265).*
- *Бозторғай шырылдап, таң ала көлбең болған кезде, моладағы жау дүрбі салып, Алабастың иығынан үш атты кісіні көрді (Ж.А.,87).*
- *Қызыл іңір (Ж.А.,147).*
- *Қызғылт сәриден ымырт жабылғанша жалғыз өзі құла түзде сарылып, қоймен қой боп жүргені (Ж.А.,400).*
- *«Мукашке, молодец!» дегізіп, алакеуімде ауылына қайтып келе жатқанда ойына әлденелер келді (Ж.А.,164).*
- Аталған сөздер, тұрақты тіркестер қазіргідей уақытты сағатқа, минутқа жіліктеп бөлгендей бөлшектейді.
- *Осы сартылмен биенің бірер сауымындай мезгіл өткен шығар, қарсы алдынан бір топ жігіт кездесе кетті (Ж.А.,56).*
- *Биенің сауымындай – уақытты мөлшерлейді. Ұрымтал жердегі озбырлар жұлып әкетті (Ж. А.,65).*
- *Біреуі оқ бойы алдыда, артқы тымағын ажырайта киіпті (Ж.А.,57).*
- *Ақбілек те оқ бойы жер кеп еді (Ж.А.,185).*
- *Алыста, көз ұшында адырдың бөктеріндегі (Ж.А.,190). Келмек тұрып сұңқия адым (Ж. А. 348)*

Жазушы портрет жасауда әр түрлі тәсілдерді қолданады:

1) кейде кейіпкерлердің портретін басқа бір кейіпкердің көзімен, соның сурет елегімен береді.

*Ақбілек жаңа шешесіне көз қырын салды. **Көзі тікшейген, жұқа қабақ қайқақ ерін, таңқы танау, тымырайған, тымпиған, қайқаңдау сұр** адам екен. Үйге жылан кіріп келгендей, Ақбілектің жүрегі су ете тусті (Ж.А.,287-бет).*

Ақбілек көзімен берілген Өріктің портреті **«жылан кіріп келгендей», «Ақбілектің жүрегі су ете түсті»** деген авторлық баяндаумен толыға түседі;

2) мінездеме кейіпкерлер тілі арқылы беріледі:

Біреуі:

- **Кәпірдің тікірейген көзі жаман екен, оңдырмас деді.**

Енді бірі:

- **Ерні қаймыжықтай** екен. Сөзге сойқан шығар, - деп.

Тағы бірі:

- **Қабағы қайрақтай боп, танауы делдейіп тұр екен, дәуде болса көкайыл, долы шығар десті.**

- **Әй, мынау шеше болып жарытпас, қатыгез тұсақша бедірейіп тұр екен десті (Ж.А.,288-бет).**

Кейіпкерлер сөзінде Өріктің тұлғасы мен мінезінің сәйкестігі қоса өрілген. **Ерні қаймыжықтай, қабағы қайрақтай, қатыгез тұсақша** деген теңеулері кейіпкер портреті арқылы мінезін ашады;

- **Жазушы кейде портретті монолог арқылы да береді:**
- *Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақтау, жарбақтау, кірпі шаш, қырыс маңдай, қара сұр жігітпін. Жасым 35-те. әкем Тойбазар, өзім Мұқаш болғалы аузым асқа, ауым атқа жарыған емес.*
- *Мұқаш өзінің портретін берсе, Бекболаттың портреті:*
- *Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін. Жасым жиырмананың жетеуіне шығып тұр. Атым - Бекболат. Басымда барқытпен тыстаған кара елтірі жекей тымақ, үстімде орысшалау пенжсек, шалбар. Сұр шапан, сар сафиянға қара ала жапқан күміс белбеу, аяғымда көнелеу қисық табаным бар. Белбеуімдегі жарғақ далбағайым, шашақты сары қынды мүйіз сапты өткір кездігім, алдыңғы қапталдағы дабыл байлайтын ұзын қайыс шеттігім - менің өнерсіз жігіт еместігіме айғақ болар.*



- ❖ Кейіпкерлердің пішінін суреттеген де бір-біріне ұқсамайтын портрет жасайды.
- ❖ ***Танауы таңқиған, омырауы аңқиған, кеңірдегі сорайған, жіліншегі сидиған, саусақтары сыпсиған, үркек малша оқшиған, бес тал сақалы шоқшиған, шынжау етті, шың бетті, жанына пышақ жанитын, бір көргеннен танитын Іскендер екен кәдімгі.***



- ❖ Енді бірде дәрігердің портретін былай бейнелеген:
- ❖ ***Мұртын тазының құйрығындай ширатқан, шашын енесі жалаған бұзаудай тарап, жылтыратқан ақ киімді дәрігер де матушкелерге орысшалап, ауру жатқан үйлерді нұсқап бірдеңе тапсырып тұр.***



Кейіпкердің дене бітіміне қимыл қозғалыстары сай берілген.

Шашты суреттеу:

Шашы кірпішешендей, кірпі шаш, шашын енесі жалаған бұзаудай тарап жылтыратқан, қара бұйра шаш т.б.

Тыпаң шабындының түйірі бейнелес шашын бір сипап, маукіл басын бір шұлғып, быртық, саусағымен бір шылым алып ...

Мұрынды суреттеу:

Мұрынды, таңқы мұрын, қошқар тұмсық, бауырсақ мұрын, мұрны біздей, кейкі тұмсық ақ пұшық ұзын мұрын, танауы кертеш, иегі кемиек, таңқиған, көк тұмсық қоңқақ мұрын, жалпақ мұрын.

*Сөйтіп отырғанда **таңқы мұрын**, бадырақ көз жігіт кіріп келді (Ж.А.,247 -бет).*

*Белуардан төселген кілем, көрпесінің үстінде көк шұға **тройкасы үрген тұлыптай тырсиған, шашы кірпішешендей тікірейген, жұқа қабақ кейкі тұмсық ақ пұшық жігіт** ақ жастықты шынтақтап, жантайып жатыр. Аяқ жағында **шытырдай болып ширатылып, қасын керіп, шынашағын шошайтып, ақ құба, ұзын мұрын, жұқа ерін ерке келіншек** қымыз сапырып отыр.*



❖ **Бетті суреттеу:**

- ❖ *Ақ сары, бет аузы жұртта қалған сірідей тырысқан, ашаңдау қара торы, қара сұр, ақ құба, бұжыр сары, жылтыр қара, қараторы, ақ құбаша, қызыл шырайлы, ат жақты, келбетті, бетаузы құтты шөміш, т.б..*

❖ **Қабақты, қасты суреттеу:**


- ❖ *қабақты, қасты, жұқа қабақ қою қара қасты т.б.*

❖ **Мойынды суреттеу:**

- ❖ *Мойыны мықырайған, мойыны ішіне кірген, кеңірдегі сорайған...*


❖ **Қол-аяқты суреттеу:**

- ❖ *қол-аяғы шидей, жіліншігі сидиған, сирақтары сидиған, быртық сирақ қу сүйек, мықыр қол, қол-аяғы бақандай, түрпідей қолдары, быртық саусақ.*

- 
- **Маңдайды суреттеу:**
 - *қырыс маңдай, маңдай терісі қырысып, дөңес маңдайы жылтырап т.б.*
 - **Көзді суреттеу:**
 - *Көзі бақырайған, бадырақ көз, теке көз, шүңірек көз, көзі тұздай, көзіне тоға байланып, қортық көген көз, көзі ойнақтау, көзі алақандай, көзі тікшейген, ойнақы көз т.б.*


Айшықтау(метафора)қолдану

- *Ақбілекті ауызға алуға бір адамның тілі бармады. Өйткені ол жара - атын атауға адамның аузы жиренетін жара еді. Ол жараң Мамырбайға ғана емес, бәріне де намыс, қорлық, масқаралық еді (Ж.А.,172-бет).*
- *Ақбілегін жақсы көргені, аяғаны, қызғанғаны, өкінгені, жиренгені, қорланғаны – бәрі араласып, ақсақалдың жүрегінде зіл қара тастай бір бітеу жара пайда болған еді (Ж. А.,258-бет).*
- *Кайғы-қасіретті «жара» сөзі арқылы беріп, әсерін күшейтеді*

- 
- Метафоралы байымдау мағыналы контекске қарағанда анағұрлым әсерлі келеді.
 - *Бұ жақтың сұқсырлары қандай сақ!
Қаршығаны көш жерден көре қояды екен, -
деген де:*
 - - *Қаршығаларымыз қыран да, - деп
күлімдеген (Ж.А., 208-бет).* Кейіпкерлер тілінде қолданылған метафоралар - поэтикалық метафоралар.

Кейіпкер мінезі метафоралар арқылы ашылған

- *Жылтыр - аты шулы алаяқ. Оның қылмаған бұзақылығы жоқ*
- *... Ол абақтығы жүз түсіп, жүз шыққан. Ол - бір сынап. Оның өтірігіне найза бойламайды. Ол - бір су, орысшаға да, қазақшаға да бірдей... Жүріс-тұрысына, бет-құбылысына, қол сермесіне көз ілеспейді, бір минутта жүз құбылады (Ж.А., 218-бет)..*

- 
- Жоғарыда берілген мысалдағы *аңғал ит, қоңқиған ит* дегендер эмоцияны білдіреді, жағымсыз баға беру метафора арқылы жүзеге асқан..
 - *Бұл шатақ жұмыс. Сартау елі **қып-қызыл партия.***
 - *Партиялықпен екі жағы да арызды жаздырып жатыр.*
 - **Қызыл** - дау-жанжал ұғымын береді.
 - *Алдымызда қылышын сүйреткен қызыл шұнақ қыс. Айналамыздағы қала – **қызыл жау.** Келешегіміз – аяз, аштық соғыс, ажал. Бірінен болмаса бірінен өлуіміз хақ.*
 - Қызыл түспен байланысты жаңа ұғым, түсінік берген, яғни қаталдық ұғымын туғызған.

- Ж.Аймауытұлы *ақ, қара, суық* сын есімдерін де символ ретінде қолданып, оларға стильдік жүк артқан. Мысалы, *ақ* түс адалдықтың символы, *қара* түс — зұлымдықтың символы екені белгілі. «*Суық жүріс*» тұрақты тіркестің құрамындағы «*суық*» сөзінің мәні жауыздық, қаталдық деген ұғымдарды туғызады.

- Ж. Айтмауытұлы **метонимияны** әр түрлі мақсатта қолданған:
- **-біріншіден**, бір сөзді қайталап, оқырманды жалықтырып алмас үшін, көркемдегіш құрал ретінде: ***Қара мұрт шығып кетіп еді, бір уақытта қалпағын шекесіне салған сең-сең бас, теке көз, бұжыр сарыны алып келді (162-бет).***
- Жазушы «адам» сөзін қайта-қайта қолдана беруден гөрі оның орнына анатомиялық дене мүшелерінің бірін жұмсайды. Бүтіннің орнына бөлшекті қолданады. Көбіне *бас, сақал, мұрт, ауыз, қол*, т.б. дене мүшелері атаулық ұғымдардың орнына жүреді.

Гипербола қолдану

- Ақбілектің көзінің жасы көл болуы, жүрегінің аузына тығылуы Ақбілек сезімін әсірелеп жеткізіп оқырман сезіміне әсер етеді. Қартқожаның әжесінің көңіл-күйін гипербола арқылы береді.
- Ал кең байтақ жерден Ақбілек үшін «алақандай жер қалмауы» - литота. Жер дүниеде жарық сәуле қалмауы - кейіпкердің ішкі сезімін әсерілейді.

а) Ж.Аймауытұлы жалпы халық тілі байлығын жаңа қырынан жұмсап, қазақ әдебиетінің төл басы болып табылатын прозасын қазақ әдебиеті қазынасына қосты;

е) кірме сөздер, қарапайым сөздер, синоним, фразеологизмдерді орнымен жұмсап, мәтіндегі бейнелілікті ашу үшін контекстік-стильдік сөз қолданыстарын оқырманына түрлі ассоциациялар туғыза еркін жұмсайды;

б) көріктеуіш, бейнелеуіш тәсілдер арқылы сөздерді ойнатып қолданып оқырманын селт еткізетін, сүйсіндіретін, қызықтыратын көркем туындыны әкелді.